

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
2019 жылғы «15» шілде
№ N022420 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Келтикан®

Саудалық атауы

Келтикан®

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Капсулалар

Құрамы

Бір капсуланың құрамында

белсенді заттар: цитидин -5'-динатрий монофосфаты 5.0 мг
уридин- 5'-тринатрий трифосфаты,
уридин - 5'-динатрий дифосфаты,
уридин - 5'-динатрий монофосфаты (барлығы) 3.0 мг
(уридинге баламалы) 1.33 мг,

қосымша заттар: лимон қышқылы, натрий цитраты дигидраты, магний
стеараты, коллоидты кремнийдің қостотығы (аэросил 200), маннитол

желатинді капсула: темірдің қара тотығы (E 172), титанның қостотығы (E
171), индигокармин (E 132), желатин

Сипаттамасы

Сұр түсті мөлдір емес корпусы және көк түсті қақпағы бар қатты
желатинді капсулалар (№2). Капсула ішіндегісі – гигроскопиялы ақ ұнтақ.

Фармакотерапиялық тобы

Жүйке жүйесі. Жүйке жүйесі ауруларын емдеуге арналған басқа
препараттар. Жүйке жүйесі ауруларын емдеуге арналған басқа да
препараттар.

АТХ коды N07XX

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Келтикан® екі нуклеотид – цитидин монофосфат пен уридинмонофосфаттың біріктірілімі болып табылады. Бұл нуклеотидтер организмде болады, сондықтан типтік фармакокинетикалық зерттеулер жүргізу мүмкін емес.

Фармакодинамикасы

Келтикан® организмді миелинді қабықтың негізгі компоненттері - сфингомиелин және глицерофосфолипидтерді құрайтын фосфатидті қышқылмен және жүйке қабықшаларының қалыптасуы үшін кераминмен моносахаридтерді біріктіруге қажетті фосфатты топтармен қамтамасыз етеді. Осылайша, аксондық жүйке талшықтары толығырақ жетілуі және регенерациясы, төзімді трофикалық әсер қамтамасыз етіледі. Осының салдарынан аксонның зақымданған жерінің қабынуы азаяды және сезімталдығы қалпына келеді, ол аксондық тасымалданудың қалпына келуіне ықпал етеді.

Қолданылуы

- радикулиттерде (люмбаго, люмбалгия, люмбоишиалгия)
- диабеттік полиневропатияда
- алкогольдік полиневриттерде
- белдемелі теміреткіде, ганглионитте
- үшкіл жүйке невралгиясында
- бет және қабырға аралық жүйкелер невралгиясында
- плекситтерде

Қолдану тәсілі және дозалары

Келтикан® капсулаларын ішу арқылы қабылдайды.

Ересектерге: 2 капсуладан тәулігіне 2 рет.

Келтикан® капсулаларын тамақ ішуге дейін немесе одан кейін қабылдауға болады.

Емдеу ұзақтығын пациенттің жай-күйіне және емдеуге реакциясына байланысты дәрігер белгілейді.

Жағымсыз әсерлері

Аллергиялық реакциялар пайда болуы мүмкін, қандай да бір жағымсыз құбылыстар пайда болған кезде қабылдауды тоқтату және міндетті түрде дәрігерге көріну керек.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препаратқа жоғары сезімталдық
- 18 жасқа дейінгі балалар

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған

Айрықша нұсқаулар

Асқазанның қандай да болсын бұзылыстары болғанда, Келтикан® препаратын тамақтану кезінде қабылдау ұсынылады.

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік және лактация кезеңінде препараттың қолданылуы анықталмаған.

Жүкті әйелдерге және лактация кезеңінде әйелдерге, егер ана үшін күтілетін пайдасы шаранаға/ балаға төнетін ықтимал қауіптен асып түсетін жағдайда ғана, препаратты тағайындаған жөн.

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Артық дозалануы

Симптомдары: артық дозалану жағдайлары белгісіз.

Емі: симптоматикалық ем.

Шығарылу түрі және қаптамасы

15 капсуладан ПВХ үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынады.

2 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған.

Сақтау шарттары

30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші

Феррер Интернасьональ, С.А., Барселона, Испания

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Феррер Интернасьональ, С.А., Испания

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты

***ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон,
факс, электронды пошта)***

«Такеда Қазақстан» ЖШС

Алматы қ., Шашкин к-сі 44

Телефон нөмірі +7 (727) 2444004

Факс нөмірі +7 (727) 2444005

Электронды пошта DSO-KZ@takeda.com